



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Әлеуметтік сипаттамалар – саяси шындықпен байланысты имидждің ең жылжымалы бөлігін құрайды [5, 46-47б.].

Символдық сипаттамалар. Саяси имидждің коммуникативтік кеңістігінің ең тұрақты құрамасы.

- Өмірбаян;
- Саясаткердің дүниетанымы;
- Идеология;
- Бағдарлама – іс-қимылдардың белгілі бір бағыты, әлеуметтік-экономикалық концепция (идеологиялық, саяси пікірлердің, экономикалық шаралардың жиынтығы) және оны электораттың ойынан шығатын жүзеге асыру жоспары;

- көшбасшының өзекті әлеуметтік мәселелерге қатысты ұстанымы;

• сайлаушылар санасындағы көшбасшының орны мен рөліне қатысты тұрақты мәдени архетиптер және көшбасшымен байланыстырылатын белгілердің тұрақты жиынтығы.

Саяси имиджді қалыптастыру алгоритмі.

Маркетингтік технологияларды пайдалана отырып саясаткер немесе саяси ұйым имиджін қалыптастыру – сайлаушылардың барынша көп дауысын алуға бағытталған, электоратты зерттеуге негізделген кандидаттың айтулы қасиеттерін оңтайландыру мен мақсатты аудиторияға ақпараттық ықпал ету жүйесі болып табылады.

Саяси имиджді қалыптастыру келесідей кезеңдерден тұрады:

- Аудиторияның талаптарын анықтау (аудитория сегменттерінің);
- Үміткер сипаттамаларын зерттеу;
- Бәсекелестердің имиджін зерттеу;
- Үміткердің шынайы қасиеттері мен аудиторияның көңіліндегі қасиеттерді салыстыру және имидж «ядросын» қалыптастыру;
- Қосымша қасиеттерді таңдау;
- Имиджді құраушыларды таңдау және жіктеу;
- Позицияны айқындау;
- Позицияны айқындау стратегиясының тиімділігін бағалау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Казахстанская политологическая энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998.-44б.
 2. Адилова Л.Ф. Методика преподавания имиджеологии //Университет образование и общество в третьем тысячелетии, XXX Международная научно-методическая конференция,- Ч.II.
 3. Соловьев.-М.:Аспект Пресс, 2003.-559с.
 4. Адилова Л.Ф. Имидж парламентского лидера: теоретические и прикладные основы формирования //Парламентаризм в независимом Казахстане: состояние и проблемы, материалы международной научно-практической конференции. 30 ноября 2001 г.-Астана, 2002.
- Гринберг Т.Э. Политические Технологии. ПР и реклама. Учебное пособие. Москва, 2005.- 317б.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Калиева Алия Альбековна

aliya_kali.95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Бүгінгі таңда ағымы қатты ақпараттық заманда әлеуметтік желілер адам өмірінде елеулі орынға ие болды. Ғаламтор желісінің коммуникативтік қызметі қоғам дамуының негізгі құралына айналды. Әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, ғаламтор көмегімен, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желі арқылы «әңгімелеседі». Әлеуметтік желінің

басқаша атауы - «әлеуметтік медиа». Бұл – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін интернет сайт(тар). Жалпыға ортақ сөзбен айтар болсақ, әлеуметтік желі дегеніміз бұл – адамдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы. «Желі» сөзі – интернеттегі сайт болса, «әлеумет» – бұл сол сайттың тұтынушылары, яғни сіз бен біз. Осыдан «виртуалды қарым-қатынас», «виртуалды дос» ұғымдары қалыптасты.

Қоғамның кез келген кезеңінде ең белсенді мүшесі - «жастар». Сәйкесінше, ғаламтор мен әлеуметтік желіні пайдаланушылар да – жастар. Мемлекеттің дамуына және әлеуметтік қатынастарға жаңа идеялар мен ұстанымдар әкелетін жас ұрпақты біз – жастар дейміз [1, 101 б.]. Болашағымыздың тірегі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз келешегін құрудың жаңа мүмкіндіктеріне ие болған жастар ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанның – дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет. Бұл жерде «белсенді» деген сөзді ерекше атап көрсеткен жөн. Себебі, саясатта «саяси белсенділік» деген ұғым бар. Саяси белсенділік дегеніміз – жеке тұлғаның не әлеуметтік топтың саяси процесске араласу деңгейі [2, 155 б.]. Qaznews.kz сайтының «Қазақстанда жастардың саяси-қоғамдық белсенділігі неге төмен?» деген сауалына Алматы қалалық Жастар саясаты басқармасының басшысы Санжар Боқаев батыс саясаттанушыларының пікірімен келісетінін, саяси белсенділіктің төмен болғаны жақсы, егер жастар арасында саяси белсенділік жоғары болса, саяси ауытқу күшейетінін айтады [3]. Мысалға, Украина, Грузия, Қырғыстан мемлекеттерінде жастардың бәрі саясатқа бет бұрған себепті, көтеріліс те жиі орын алады. Ал, «болашақ» жастар қозғалысының төрағасы Дәурен Бадамұратов жастардың қоғамдық ұйымдарға барып, сол жұмыстарға ат салысуы төмендегенін, интернеттегі белсенділіктің артқанын мына пікірінен аңғаруға болады: «Қазір қоғамның потенциалды өкілдері әлеуметтік желіде отырып, саяси ойларын жазады. Facebook-та айтарын айтып, жазарын жазып алған адамның сыртқа шығып бір ұйымға мүше болып, белгілі бір жұмыстарды атқаруға ниеті жоқ. Адамның қуаты шектеулі. Әлеуметтік желіде айтылған пікір сол жерде қалады: бұл арқылы біреуге ой салғаныңмен, ештеңені өзгерте алмайсың» [3]. «Уақыттың бос өткені - өмірдің бос кеткені» деп келген қазақ қазірде экранға телмірумен өмірін өткізіп жатқаны жасырын емес. Десе де, әлеуметтік желінің пайдалы жақтары да жоқ емес. Әлеуметтік желідегі жастардың саяси белсенділігін анықтау мақсатында ең алдымен әлеуметтік желінің пайда болу тарихына шолу жасадық.

Ғаламтордағы әлеуметтік желінің бірінші баламасын 1995 жылы Рэнди Конрадс «Classmates», яғни «Сыныптастар» деген атпен енгізген болатын. Сайттың мақсаты - сыныптағы және бір мектепте оқыған достарды табуға мүмкіндік жасау. Бүгінде ол сайт жұмысын жалғастыруда. Әлем бойынша бұл сайтты 50 млн. адам қолданады екен. Кейінірек, 1997-1999 жылдары "AsianAvenue", «MiGente», «BlackPlanet», «Livejournal» сынды желілер пайда болды. Ал 2004 жылы Марк Цукерберг «The Facebook» әлеуметтік желісінің негізін қалады. 2008 жылы бұл әлеуметтік желі әлемдегі ең танымал желіге айналды және де бүгінгі күнге дейін көштің басында. Facebook өз жұмысын қызмет ретінде Гарвард университетінің студенттері үшін, бір-бірлерімен сөйлесуге арналып ашылған болатын. Кейіннен кеңейіп, басқа да университеттердің студенттерін қамтыды. Адам саны жағынан Facebook Қытай, Үндістан елдерінен кейінгі әлемдегі үшінші «мемлекет». Бұл – орта жастағы азаматтар және журналистер, қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары топтасқан желі. Мұнда түрлі жаңалықтар, ғибратты әңгімелер, саяси дүниелер мен пікірталастардың куәгері болып, Қазақстандағы саяси жаңалықтар мен қоғамдық өзгерістерді оқуға болады.

Қазіргі күні тек Ресейде ғана емес, барлық ТМД елдерінде бір күндік аудиториясы 46 млн адамнан асатын, оның ішінде 4 млн-ға жуық қазақстандық пайдаланып отырған, ресейлік Павел Дуров жасап шығарған «Вконтакте» әлеуметтік желісінің vkontakte.ru домені ресми түрде 2006 жылдың 1 қазанында тіркелген. Негізгі аудиториясы 1990 жылдан кейін туылғандар. Осы әлеуметтік желіде маңызды дүниелерді емес, тіркелгендердің көп дені жастар болғаннан кейін, көбінесе жеңіл әзілдер мен жұқа ақпараттарға басымдылық беріледі.

«Астана ақшамы» газетінде көрсетілген мәліметке қарасақ, Қазақстанда 5,6 миллион адам әлеуметтік желілерді күнделікті пайдаланады екен. Ең танымал әлеуметтік желілердің

қатарында күніне 1 млн. 125 мың рет қаралатын «Мой мир», 558 мың рет қаралатын «Одноклассники», 252 мың рет қаралатын «Вконтакте», 410 мың рет қаралатын «Facebook»-ті жатқызуға болады [4]. Бұл ең алдымен жастардың саяси белсенділігіне байланысты болып отыр. Саяси белсенділік демекші, оның пайда болу түрлері келесідей ажыратылады:

- Сайлауалды және сайлау белсенділігі яғни, қызметіне, сайлауда нәтижеге қол жеткізуге ұмтылуы: сайлау науқанына қатысу, анықталған кандидатқа агитация жасау, сайлауларда дауыс беру;

- Ұйымдасқан белсенділік - жастарға арналған саяси институттар қызметіне қатысу, сондай-ақ қоғамдық қозғалыстарға қатысу, бұлардың мақсаттары өкілдік шешім қабылдау процесіне белгілі деңгейде әсер ету;

- Топтардың ұйымдасып әрекет ету белсенділігі- күштеу, жастар топтары мен ұйымдарының құрылуы мен дамуына, өзінің қызметінде саяси күрес тәсілдерін қолдану немесе саяси сауалдарды шешуге бағытталған;

- Қарсылыққа бағытталған саяси бағдарлануды көрсететін шартты немесе шартты емес пейілдегі наразылық белсенділігі.

Негізінен әлеуметтік желілер адамдарға өздерінің қорғалғандығы туралы сезімді береді, яғни бұдан көретініміз бұл факторлар саяси белсенділік үшін маңызды болып келеді. Бұл адамдардың ашылуына себепкер болады, содан келе өздерінің көзқарастары мен пікірлерін көрсетеді. «Жастардың саяси сауаттылығы», «саяси мәдениеті» де осы жерде көрініс беріп, әрбір дүниеге бей-жай қарамайтын, көзі ашық, көкірегі ояу жастарды аңғаруға болады.

Жастар интернет желісін түрлі мақсатқа жету үшін белсенді қолданады. Себебі интернет кеңістігі ойын-сауық және білім көздерін жинайтын ресурс болып есептеледі. Сұралған сауалнамаға сәйкес 70 пайыздық көрсеткіш бойынша, жастардың әрбір екінші өкілі әлеуметтік желілерді қолданады екен. Жастардың 90,7 пайызы болса әлеуметтік желілерге тіркелген. Ал әлеуметтік желіде жеке өздерінің akkaуынты жоқтар 8 пайыз респонденттерді құрайды. Интернет желісінде сапалы ақпараттар қоры артып келеді, жүргізілген сауалнама көрсеткіші бойынша шамамен 30 пайызға жуығы интернетті кітапхана ретінде қолданады екен [4].

Мәселен, Facebook әлеуметтік желісінде саяси тақырыпқа арналған 20 мыңға жуық қазақстандық тіркелген «Бойтұмар», 15 мыңға жуық тіркелген «Қазақтар», 3401 жазылушылары бар «Қаны бір қазақ бауырлар», т.б. қазақстандық топтарда салмақты жазбалар, тұщымды ой-пікірлер, жалпы құнды дүниелер беріліп отырады. Әр мақала немесе түйін сөзге жастар жағы белсенділік танытып өз ойларын да ашық білдіреді. «Біздің Қазақстан! Бойтұмардай сақтайық Отанымызды!» [5] деген жазбадан бастау алатын «Бойтұмар» парақшасына қосылып, Отанымызды қадір тұтатын тіліміз, дініміз туралы жазылған сөздермен қоса, жеңіл-желпі дүниелер де берілген екен. Бір жағынан бұл бір сарындылықтан құтылудың амалы. Топ атауына дау жоқ, атына заты сай болса деген тілек біздікі. Қазақ тілі сөздік қоры бай тіл. Сондықтан, тек құнды пікірлер мен келісті жазбалар берілсе нұр үстіне нұр болар еді. Аталмыш топта «Тағы да тіл» тақырыбымен Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Бес орыс отырған жерде жүз қазақ отырса да орысша сөйлейді. Біз осындай сорлы халықпыз ғой!» [5] атты отты сөзі берілді. Оған жауап ретінде қолданушылардың басым көпшілігі «заң керек» деп жар салды. Басқаша айтқанда, бұл сөз қоғамның «температурасын» бір көтерді. Осы тәріздес жазбалар «Қазақтар» атты топта да бар. Осы жерде дінге қатысты мына пікірді мысалға келтіруге болады: «Барлық адамға ұстанатын сеніміне қарап бөліп-жармастан, бірдей және дұрыс қарау керек», «Кейбіреулер мұсылмандар арасында террористер шығып жатыр деп жаңылысады», «Лаңкестер – ешбір дінге не ұлтқа жатпайтын санаттағы адамдар, оларды мұсылмандармен теңестіру – қателік» [5]. Осы сөздердің жаны бар. 20 мыңға жуық оқырман осы пікірлерді оқып, әркім әр түрлі пікір шығаратыны анық. Дегенмен де, екі пікірдің ортақ түйіні бар. Ол – қазақ халқының тағдыры.

«Алқа» – осы. Жөн іздеген жас болсаң, жол іздеген жолаушы болсаң, тез іздеген есті тентек болсаң, мынау «Алқа» – сенікі... Өзіңнің сұмырай мақсатыңа шындықты құрбан

қылып, шалып, қайқайып жүре беретін соғылған болмасаң, балапан әдебиетіміздің шын әдебиет болып ержетуін шын тілейтін болсаң, мынау «Алқаға» кір, «Алқа» – сенікі. Шын адабиятшыл, шын ақын болсаң, мынау «Алқа» – сенікі» [5] деп ұрандатып жазылған сөздердің авторы – ақын Мағжан Жұмабаев. Бұл ұран – Фейсбуктегі 235 оқырманы бар «Алқа» тобының ұраны. Жастардың басын біріктірген топта қолданушы саны 500 –ге жетпесе де, саяси жаңалықтар мен дәйекті пікірлердің ордасы екенін байқай отыра, назарымызды ақын Ықылас Ожайұлының осы бір сөзіне тоқтаттық: «Бақсақ, Бөкейханов сотталмапты, біздің санамыз сотталыпты. Ахмет атылмапты, біздің азат ой, ақылымыз атылыпты. Сірә, шын мүсіркеушіні алмастырып алғанға ұқсаймыз. Сөзіміз сана турасында болып отыр ғой. Сана – фотоаппарат. Көрген, білгенін мәңгілік сақтап қалады. Кейін бұл ақпараттар қанға, қан арқылы генетикаға сіңеді. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз бергіні айтпағанда, аштық (1932) пен абақтыны (1938) көрді. Санадағы сурет (үрей) оларға үндемеуді үйретті. Гендегі улы ақпараттар радиациясының элементі түгел дерік төлдеріне (біздерге) өтті. Кейде ойлаймын: «Біз кімбіз осы? Шынымен жастармыз ба? Жас болсақ аға буыннан неге аумаймыз?» деп. Сөйтсем себеп санамда екен. Сана ғұмырыма, суреттер мінезіме әлдеқашан айналып үлгерген екен...» [5]. Кеңес заманының ұшқыны санамызда әлі де болса қалғанын алға тартады. Кешегі Кеңеске наразылығын білдіреді.

Жас саясаттанушы Жарқын Түсіпбекұлы төңкеріс, лаңкестік жағдайларға әлеуметтік желілердің емес, оған асқынған әлеуметтік мәселелер себеп екенін жазады. «Қазір халық өзінің талап-тілегін жеткізу үшін әкімшіліктен рұқсат алып, тағы да алып бюрократиямен бетпе бет келуге мәжбүр. Сондықтан әлеуметтік желідегі қазақстандықтардың парақшалары халықтың «буын» шығарып, жеңілдейтін жалғыз орны ғана» [6], - дейді Жарқын Түсіпбекұлы «Алаш айнасы» газетіне берген сұхбатында.

«ВКонтакте» желісінде 2012 жылы қазақ тілді ақпарат тарататын «Өмірлік мәні бар» қауымдастығы тілдің мәртебесін арттыру мақсатында құрылған. Өмірлік бейнелі суреттер мен мән мағыналы жазбалар, тұжырымды ойлар мен маңызды ақпараттар таратылатын парақшаның он мыңға жуық күнделікті оқырманы бар, ал бір ай ішінде кіретін оқырмандар саны жүз елу мыңға жуық. Бұдан басқа 23763 оқырманы бар «Қалың елім қазағым», «Ұлт жанашырлары», «Текті қазақ», т.б. парақшалар қолданыста екенін аңғарамыз. Демек, жастардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі төмен емес екенін, оның ішінде «жастардың саяси белсенділігі» де қоғамдық пікір қалыптастырып, ықпал ететін дәрежеге жетті.

Әлеуметтік желілердің Қазақстан жастарының саяси белсенділігіне деген әсерін төмендегідей қорытындылаймыз:

Мықты жақтары:

-Жаңалықтарда хабарда болу;

-Әлеуметтік желі арқылы сол немесе басқада сайлауға түсуші үміткер туралы мәліметтерге қол жетімділік;

-Ағымдағы саяси ахуалға өзіндік пікірлерін қалыптастыра алуы;

-Жастардың бір арнаға бірігуі (әлеуметтік желідегі топтар арқылы).

Әлсіз тұстары:

-Саяси сауатының төменділігінен түрлі саяси провакациялық ағымдарға еріп кетуі;

-Әлеуметтік желіге деген тәуелділіктің пайда болуы.

Мүмкіндіктері:

-Жастардың саяси белсенділігін арттырады;

-Тиімді жұмыстың нәтижесінде сайланушы үміткер 50 пайыздан астам дауыс жинауы ықтимал;

-Қоғам мен мемлекет арасында байланыстырушы қызмет атқарады.

Қауіп-қатерлер:

-Мемлекеттің ішкі және сыртқы тұрақтылығына қауіп төндіретін діни экстремистік топтардың ықпалына еніп кетуі;

-Сырттан келетін жалған ақпараттар легіне ілесуі.

Қорыта келе, ақпараттық технологияның қарыштаған заманында ғаламтордың мүмкіндіктерін өз мүддемізге қарай қолдана білгеніміз дұрыс. Бұл үшін тек үлкен еңбек пен ізденіс қажет. Осы ретте, саясаттанушы Жарқын Түсіпбекұлы «Саяси ахуалды зерттеуге құлықты болса, әлеуметтік желіге келсін» деген сөзімен келіспеске болмас. Себебі, әлеуметтік желі халықтың «температурасын» нық көрсете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Политология. Учебник для студентов высших учебных заведений. Под общей редакцией А.Н.Нысанбаева. – Алматы, 1998.
2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік - Словарь, 2007.
3. <http://Qaznews.kz>
4. <http://inform.kz>
5. <https://www.facebook.com>
6. <http://alashainasy.kz>

УДК 328

DEVELOPMENT OF ROMANIAN PARLIAMENTARISM IN THE PRE- ACCESSION PERIOD AND AFTER THE ACCESSION TO THE EU (2004-2012)

Timur Yerbolatovich Kanapyanov

kanapyanov@yahoo.com

PhD student in the Department of Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National
University, Astana, Kazakhstan

Scientific advisor – Naubat Kaliyevich Kaliyev

By the time of parliamentary and presidential elections in 2004 Romanian political landscape had substantially changed and these elections had to be held under the modified constitution and amended electoral and party laws. First of all, it was last year when the elections of the president and the legislature coincided, due to the change of the president's term. Most importantly, these elections came at an important juncture for Romania's future development, because earlier in 2004 the country had joined the North Atlantic Treaty Organization (NATO) and considerably had advanced in negotiations for joining the EU, specially, after the constitutional amendments in 2003 [1, p. 4]. The forth parliament in 2003 not only amended the constitution, but also managed to enact a new law on political parties. This law had changed some conditions of the registration and functioning of political parties in Romania, which consequently affected the number of parties. The most important changes aimed the possibility to register the political parties, imposing a minimum level of founder members. Most precisely, now a party in order to be registered must have the personal data and signatures of at least 25,000 founding members, with no less than 700 in each of at least 18 of the counties and Bucharest Municipality [1, p. 4], whereas the 1989 law stipulated only 3 founder members and according to the 1996 law 10,000 founder members were required. Moreover, now parties must also receive at least 50,000 votes in two consecutive elections, either local or parliamentary, to remain registered.

In addition, the forth parliament amended and re-enacted the law on election for the Chamber of Deputies and the Senate in September 2004. However, this law did not substantially change the electoral system and the principles of election. The number of parliamentary mandates still was not fixed but determined through the election law with the representation rate: in the lower chamber, one deputy is elected per 70,000 inhabitants, while one senator represents 160,000 inhabitants [2]. The proportional representation system for the parliamentary elections remained unchanged. There were 42 multi-member constituencies in accordance with the total number of Counties and Bucharest Municipality in Romania. What was new in this law is that now the number of deputies